Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Бутадиен", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар:

1.2.1. №1 қосымша – Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

1.2.2. №2 қосымша – Техникалық ерекшелік;

1.2.3. №3 қосымша – Қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы ел ішіндегі құндылық үлесінің болжамды/нақты есебі.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Шот-фактураны;

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде);

2.4.4. Растайтын құжаттар қоса берілген көрсетілген қызметтер туралы есеп.

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Орындаушының дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

2.7. Егер Тапсырыс беруші кез келген шот-фактураның қандай да бір тармағына немесе оның бір бөлігіне дау айтса не шот-фактура дұрыс рәсімделмеген және ұсынылмаған болса, онда Тапсырыс беруші даулы шоттың тек дау туғызбайтын бөлігін ғана төлеуге міндетті. Шот-фактура екі Тарап қол қойған Актіде көрсетілген сомаға толық сәйкес келуге тиіс. Даулы сомаларға қатысты кез келген дау шешілгеннен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кейін Орындаушы тиесілі сомаларға шот-фактураны ұсынуға, ал Тапсырыс беруші осы баптың ережелеріне сәйкес тиісті төлемдерді жүзеге асыруға міндетті.

2.8. Шарт бойынша төлем Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, Орындаушының Шартта көрсетілген есеп айырысу шотына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүзеге асырылады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес қызмет көрсету орны бойынша және мерзімінде көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні Қызметтерді көрсету күні болып есептеледі. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес және Шартқа №1 және №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша Қызметтерді көрсетеді.

3.3. Шарт бойынша қызметтер көрсетуді бастағанға дейін Орындаушы өзі және өзінің бірлесіп орындаушылары үшін қызметтерді көрсету мақсатында Тапсырыс берушінің аумағына кіруге арналған Рұқсаттаманы Тапсырыс берушіден алуға міндетті. «Рұқсаттама» – Орындаушыға Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру құқығын беретін және қызметтерді көрсету үшін Орындаушының жарақтандырылуының Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкестігін растайтын (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша) құжат. Осы талап Орындаушы қызметтерді тікелей Тапсырыс берушінің аумағында көрсеткен жағдайда қолданылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) күн ішінде Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бастағанын растауға міндетті. Мұндай растауда Шартты орындау жөнінде жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат, сондай-ақ міндеттемелердің орындала бастағанын растайтын құжаттар, оның ішінде тапсырыстарды орналастыруға берілген өтінімдердің көшірмелері, қосалқы мердігерлермен жасалған шарттар, шикізаттың/жинақтауыштардың сатып алынғанын растайтын құжаттар және өзге де материалдар, жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кестесі, жұмыстардың/қызметтердің басталғаны туралы хабарламалар, негізгі мамандардың тізімдері және міндеттемелердің орындала басталуына қатысты өзге де материалдар қамтылуға тиіс. Көрсетілген растау кідіріссіз ұсынылуға тиіс және осы Шартқа сәйкес міндеттемелерді орындаудың негізгі мерзімінің аяқталуына тәуелді болмауға тиіс. Бұл Шарт талаптарының уақтылы орындалуын қамтамасыз ету және оны орындау процесіндегі кідірістердің алдын алу мақсатында жүзеге асырылады. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру құқығын таниды, өйткені Тапсырыс беруші іске асырып жатқан жобаның технологиялық процесі тауарларды уақтылы жеткізуді, қызметтер көрсетуді және жұмыстарды орындауды талап етеді. Орындаушы міндеттемелердің үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету және ықтимал кідірістердің алдын алу мақсатында Тапсырыс берушіге барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды жедел ұсынуға міндеттенеді. Егер көрсетілген ақпарат пен құжаттар белгіленген мерзімде ұсынылмаса, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 1-тармағына сәйкес соттан тыс біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

4.1.6. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.11. Осы Шартты орындауға тартылатын жұмыскерлерге осы Шартта көрсетілген жалақы мөлшерін Шарттың қолданылу мерзімі бойы белгілеуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған, тиісті жұмыскерлер бойынша аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуға міндетті (осы талап Тәртіптің №5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің ең төменгі жалақысының ең төменгі шегі (шектері) конкурстық құжаттамада белгіленген жағдайда қолданылады).

4.1.12. Орындаушының Шартты орындауға тартылған жұмыскерлерінің жалақысын және оларды әлеуметтік қолдауға жұмсалатын шығыстарды ұлғайтуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған, тиісті жұмыскерлер бойынша аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді ұсынуға міндетті (осы талап Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес шарт жасалған жағдайда және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізілген кезде қолданылады).

4.1.13. Өз жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен емес жалақы белгілеуді, жалақыны жыл сайын индекстеуді және әлеуметтік пакет (әлеуметтік қолдау шараларын) ұсынуды, сондай-ақ өз бірлесіп орындаушыларына (қосалқы мердігерлеріне) қатысты да осындай талаптардың белгіленуін қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.14. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқытудан өткен мамандарды қызметтер көрсетуге жіберуге міндетті (осы талап қызметтерге қолданылатын жағдайларда ғана белгіленеді).

4.1.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шарттың №2 қосымшасына сәйкес Техникалық ерекшелікте көзделген жағдайларда Орындаушының және ол тартатын бірлесіп орындаушылардың өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тиісті қызметтерінің және (немесе) білікті мамандарының болуын қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушының немесе жекелеген бірлесіп орындаушының жұмыскерлерінің саны 50 (елу) адамнан асқан жағдайда, тиісті тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құруға міндетті.

4.1.16. Өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шарттың №2 қосымшасына сәйкес Техникалық ерекшелікте көзделген жағдайларда және тәртіппен өз жұмыскерлерінің міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексерулерін және медициналық зерттеп-қарауларын, сондай-ақ ауысым алдындағы, рейс алдындағы, рейстен кейінгі және өзге де міндетті медициналық куәландыруды (қарап-тексеруді) ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етуге міндетті. Міндетті медициналық қарап-тексеруден (куәландырудан) өтпеген не тиісті жұмыстарды орындауға медициналық қарсы көрсетілімдері бар жұмыскерлерді қызметтер көрсетуге жібермеуге міндетті.

4.1.17. Қызметтерді қауіпсіз көрсету үшін қажетті арнайы киіммен, сондай-ақ жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен өз жұмыскерлерін қамтамасыз етуге міндетті (осы талап қызметтерге қолданылатын жағдайларда ғана белгіленеді).

4.1.18. Қызметтерді Шарттың талаптарына және оған қоса берілетін қосымшаларға сәйкес тиісінше әрі уақтылы көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.19. Шартта көзделген қызметтердің уақтылы көрсетілмеуі және сапасыз көрсетілуі үшін жауапты болады.

4.1.20. Егер Техникалық ерекшелікте (№2 қосымша) өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген қызметтерді өз күшімен, материалдарымен және құралдарымен (персоналмен, жабдықпен, технологиялық жабдықпен, машиналармен және механизмдермен, арнайы техникамен және т.б., құрал-саймандармен және аспаптармен, жанар-жағармай материалдарымен және т.б.) көрсетуге міндетті.

4.1.21. Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерінен Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеуге міндетті.

4.1.22. Шарт бойынша қызметтер көрсетуге бірлесіп орындаушылар тартылған жағдайда, олардың әрекеттері үшін өзінің әрекеттері сияқты жауапты болады, оның ішінде өндірістік және еңбек тәртібін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын (Ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, өткізу режимі қағидаларын және жатақханаларда тұру қағидаларын) бұзғаны үшін жауапты болады.

4.1.23. Қазақстандық персоналға тартылған шетелдік персоналмен салыстырғанда тең еңбек жағдайлары мен еңбекақы төлеуді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.24. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.25. Қызметтерді көрсету барысында өз әрекеттерімен Тапсырыс берушінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің қызметіне кедергі келтірмеуге міндетті.

4.1.26. Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша қызметтерді көрсетуге қатысатын Орындаушының және (немесе) бірлесіп орындаушының кез келген персоналын, егер ол: тең дәрежедегі басқа персоналға ауыстыруға міндетті, егер ол:

4.1.26.1. өзінің міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе салғырттық танытса; немесе

4.1.26.2. Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе оларға зиян келтіретін қызметке қатысса; немесе

4.1.26.3. қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша Шарт талаптарын сақтамаса.

4.1.27. Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының, оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі қағидаларының және өткізу режимі қағидаларының талаптарын сақтауға міндетті. Бұдан басқа, Орындаушының және (немесе) Бірлесіп орындаушының жұмыскерлеріне жұмыс уақытында Тапсырыс берушінің аумағында үш адамнан көп қатысатын жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге, пикеттеуге және өзге де жария іс-шараларға қатысуға тыйым салынады. Бұл Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының, оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі қағидаларының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңының талаптарын бұзу болып табылады.

4.1.28. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және кейіннен ай сайын Тапсырыс берушіге Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер туралы олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН), сондай-ақ олардың Орындаушымен/Мердігермен/Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуіне қатысты тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.29. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушыға қызметтерді көрсету процесін тоқтата тұруға тыйым салынады.

4.1.30. Қызметтерді орындауға тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары туындаған жағдайда, Орындаушы өз ұйымының бірінші басшысының осындай мән-жайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.31. Қызметтерді орындауды еңбек даулары туындаған кезеңде олардың толық тоқтатылуына жол бермейтіндей етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе бірлесіп орындаушыларды тартуға міндетті.

4.1.32. Ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары туындаған жағдайларда қолданылатын іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, оны Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ қызметтерді көрсету кезінде кідірістердің барынша алдын алу мақсатында персоналды осындай жағдайларды реттеу шараларына уақтылы оқытуға міндетті.

4.1.33. Орындаушының өз күшімен реттеу мүмкін болмайтын еңбек даулары туындаған жағдайда, ол Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды мүмкіндігінше қысқа мерзімде шешу үшін өз қаражаты есебінен білікті медиаторларды немесе өзге де мамандарды тартуға міндетті.

4.1.34. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, жұмыскерлердің қойылған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпаратты және құжаттарды (негізделген ұстанымды, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттарды және өзге де құжаттарды) Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

4.1.35. Орындаушы, Өнім беруші, Мердігер, сондай-ақ олардың Қосалқы мердігерлері мен Бірлесіп орындаушылары Тапсырыс берушінің талабы бойынша не уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұрау салуы болған жағдайда осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен жұмыстардың нақты орындалуын, қызметтердің көрсетілуін және (немесе) тауарлардың жеткізілуін растайтын барлық бастапқы есепке алу құжаттарын, сондай-ақ өзге де құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.36. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Егер Орындаушы өзінің шарттық міндеттемелерін, оның ішінде көрсетілген қызметтердегі анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелерін орындамаса, Орындаушы бұзушылықтарды жойғанға дейін қызметтерді толық көлемде немесе олардың бір бөлігін көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

4.4.7. Өткізу режимі қағидаларының талаптарын сақтамағаны үшін Орындаушының (немесе оның бірлесіп орындаушысының (бірлесіп орындаушыларының)) персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін анықталған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бұзушылықтар немесе талаптарға сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін шектеуге құқылы.

4.4.8. Орындаушыдан Шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

4.4.9. Орындаушы тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлегенге немесе келтірілген залалды өтегенге дейін, Шарт бойынша Орындаушыға тиесілі төлемнен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) немесе залалды өтеу сомасын ұстап қалуға құқылы.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау осы Шартта қарастырылған құжаттардың негізінде Тапсырыс берушінің өкілдерімен жүзеге асырылады.

5.3. Көрсетілген қызметтердің сапасына қатысты, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін болмаған кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) бойынша талап-шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға қызметтер көрсетілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қояды. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап-шағым Орындаушымен танылған болып есептеледі және Орындаушы өз тәуекелі мен шығыстары есебінен хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қызметтердің тиісінше көрсетілуін қамтамасыз етуге және (немесе) көрсетілген қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ішінде Орындаушыға Қызметтің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабардар етуді жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметті қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

5.5. Егер осы Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде кемшіліктер жойылмаса, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды қолдануға, Шартты біржақты тәртіппен, соттан тыс бұзуға және Орындаушыдан осындай бұзуға байланысты келтірілген залалдар мен шығыстардың өтелуін талап етуге құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің Қызметтерді қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмауын қамтамасыз етеді.

6.2. Орындаушы көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген қызметтерде кемшіліктер немесе олардың Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талап қойған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды өз қаражаты есебінен жоюға міндеттенеді. Бұл ретте кепілдік мерзімі кемшіліктер толық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады. Орындаушы анықталған кемшіліктер туралы актіні жасаудан немесе оған қол қоюдан бас тартқан жағдайда, кемшіліктерді растау үшін Тапсырыс беруші тәуелсіз сараптаманы тарту туралы мәселені бастамашылық етуге құқылы, оның қорытындысы екі Тарап үшін де міндетті болып табылады. Тәуелсіз сараптама қызметтеріне ақы төлеу сараптама қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылған Тарапқа жүктеледі.

6.4. Қызметтер қабылданғаннан кейін Тапсырыс берушіге берілетін қызмет нәтижелеріне меншік құқығы Тапсырыс берушіге ауысады.

6.5. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Шарттың орындалуына байланысты кез келген ақпаратты тексеруді жүргізу кезінде Тапсырыс берушіге және (немесе) оның өкілдеріне жәрдем көрсетуге міндетті. Тапсырыс беруші тексеруді Орындаушыға келтірілетін қолайсыздықтарды барынша азайтатындай етіп ұйымдастырады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Қызметтердің мемлекетішілік құнын есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.3. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.4. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге уақтылы көрсетілмеген қызметтердің құнының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Уақтылы көрсетілмеген қызметтердің құнынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.5. Орындаушы Шартта белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінің басталуын негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде көрсетілмеген қызметтер құнының әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, алайда оның жалпы мөлшері орындалмаған міндеттеме сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.2.6. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін Шарт сомасының 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлейді, алайда оның жалпы мөлшері орындалмаған міндеттеме сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.2.7. Орындаушы Шарттың 4.1.14-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл түріндегі жауаптылықта болады. Көрсетілген айыппұлды Орындаушы төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші оны Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы.

7.2.8. Орындаушы Шарттың 4.1.15-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл түріндегі жауаптылықта болады. Көрсетілген айыппұлды Орындаушы төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші оны Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы.

7.2.9. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе оларды орындау мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілмеген қызметтердің құнының 15 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.10. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге және Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (жұмсалуы тиісті құжаттармен расталмаған бөлігін) талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтарылуға жататын соманың әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, алайда оның жалпы мөлшері Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.2.11. Орындаушы қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауарды өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алу жөніндегі міндеттемелерін белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Орындаушы міндеттемені орындамағаны үшін міндеттеме талаптарын бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20 % мөлшерінде айыппұл түріндегі жауаптылықта болады. Көрсетілген айыппұлды Орындаушы төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші оны Тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы. (Осы талап көрсетілетін қызметтер Сатып алулар жөніндегі Қордың операторы ҰКП-мен келісу бойынша бекіткен, оларды орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне енгізілген жағдайда ғана қолданылады (Тәртіптің 61-бабының 10-1-тармағы).)

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісім береді.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

7.4.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген қызметтер актісінің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ көрсетілген қызметтер актісінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жалпы сомасының 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Орындаушы тиісті талап-шағымды алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуге не келтірілген залалды өтеуге міндетті.

7.8. Орындаушы салықтар мен міндетті төлемдерді есептеудің уақтылығы мен дұрыстығына, сондай-ақ салық есептілігінің дұрыс жасалуына және салық органына уақтылы ұсынылуына жауапты болады. Мемлекеттік органдар жүргізетін камералдық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) салықтық тексерулер барысында Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу, төлемеу не растамау фактілері анықталып, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кету сомасын қайтарудан бас тартылған не салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер қосымша есептелген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мыналарды өтеуге міндеттенеді: - қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кету сомасын; - қосымша есептелген салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдердің сомаларын; - есептелген айыппұлдар мен өсімпұлдарды. Осы тармақта көзделген талап Орындаушымен тікелей туындайтын өзара қатынастармен ғана шектелмейді және қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, ҚҚС-тың қайтарылмауына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуіне әкеп соққан Орындаушының өнім берушілерімен өзара қатынастарға да қолданылады. Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеудің (төлемеудің) не растамаудың бұрын анықталған фактілеріне байланысты Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған және Орындаушы өтеген ҚҚС асып кету сомасын Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Орындаушыға қайтаруға тиіс: - Қазақстан Республикасының Салық кодексінің ережелеріне сәйкес уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық тексеру актісіне қорытынды негізінде ҚҚС асып кету сомасы Тапсырыс берушіге қайтарылған жағдайда; - Орындаушы немесе Орындаушының 1-ші, 2-ші, 3-ші және одан кейінгі деңгейлердегі өнім берушілері Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес алдыңғы салық кезеңдері үшін ҚҚС-ты қайтару туралы талаптың негізінде жүргізілген салықтық тексеру барысында Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін жойған жағдайда. Тапсырыс беруші ҚҚС асып кету сомасы нақты қайтарылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді. Осы тармақтың ережелері осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан немесе ол тоқтатылғаннан кейін де Қазақстан Республикасының салық заңнамасында тиісті салық міндеттемесі мен талапқа қатысты белгіленген талап қою мерзімі ішінде өз күшін сақтайды. Егер камералдық бақылау, салықтық тексеру, әкімшілік және (немесе) сот тәртібімен шағымдану көрсетілген мерзім шегінде басталған болса, осы тармақтың ережелері тиісті рәсімдер түпкілікті аяқталғанға және олардың нәтижелері бойынша туындаған Тараптардың міндеттемелері толық орындалғанға дейін өз күшін сақтайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.4.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де теріс құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.4.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқаушы кеңесінің, ал алқалы атқарушы органы немесе байқаушы кеңесі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болмаған жағдайда – басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушының нақты шеккен шығыстарын өтеген жағдайда жол беріледі.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда, ол Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжанатын күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Орындаушы Шарт бұзылған күнге дейін оны орындауға байланысты нақты шеккен шығындары үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал Тараптардың орындалмаған міндеттемелері, соның ішінде қаржылық, кепілдік міндеттемелері, осы Шарттың 7.8-тармағында көзделген шығындар мен салықтық шығындарды өтеу бойынша міндеттемелері бөлігінде — олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) салдарынан туындаса, Тараптар мұндай орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды. Осы Шарттың мақсаттары үшін еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) – Өнім беруші мен Тапсырыс берушінің бақылауына бағынбайтын, Тараптардың қателіктеріне немесе салғырттығына байланысты емес және алдын ала болжауға болмайтын сипаттағы оқиға болып табылады. Мұндай оқиғаларға, бірақ олармен шектелмей, соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей зілзалалар, эпидемиялар, мемлекеттік органдардың тыйым салулары және осыған ұқсас өзге де мән-жайлар жатады, егер мұндай мән-жайлар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына әсер етсе және олардың туындауы тиісті уәкілетті ұйымдармен расталса.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап мұндай мән-жайлар туындаған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы екінші Тарапқа хабарлауға және уәкілетті ұйымның тиісті растайтын құжатын ұсынуға міндетті.

11.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Өнім беруші мүмкіндігінше және орынды шектерде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіреді.

11.4. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауының салдарын болғызбау немесе оларды жеңілдету, сондай-ақ олардың салдарын мүмкіндігінше қысқа мерзімде жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

